



«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ

**Білім берудегі өзгерістер аясын кеңейту:
апробация және тарату**


VIII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

Эссе жаздыру арқылы оқушылардың шығармашылық
дағдыларын бағалау

Рустемова Ж.Ж.
Педагогикалық өлшеулер орталығының
аға менеджері

Шығармашылық - танымдық іс- әрекет

Шығармашылық дегеніміз— өзінің жаңашылдығымен, өзгешелігімен ерекшеленетін өнім алуға мүмкіндік жасайтын жеке тұлғаның бойындағы қабілеттіліктің, білім мен біліктіліктің, түрткінің (мотивтің) болуы.



Оқушыны шығармашылыққа баулу, өз еңбегінің нәтижесін көруге, оны бағалауға бағыттау - өте күрделі үрдіс.

Эссе

Эссе – бұл еркін композицияға құрылған, көлемі шағын прозалық шығарма. Нақты бір мәселеге байланысты адамның жеке әсерін, түсінігін және ой толғанысын бейнелейді.



Л.П. Крысин
"Толковый
словарь
иноязычных слов"

- «Жүйеленген ғылыми түрде емес, еркін үлгіде қандай да бір мәселені сөз ететін очерк»

"Әдебиеттің
қысқаша
энциклопедиясы"

- «Эссе – бұл жеке тақырыпты түсіндіретін және соған байланысты әсері мен түсінігін беруге тырысатын шағын көлемді және еркін композициялы прозалық шығарма»

Жанрды қалыптастырған М.Монтень
(«Тәжірибелер», 1580 ж.)

Эссенің түрлері



Сипаттамалық



Шығармашылық



Анықтамалық



Салыстырмалы немесе кереғар



Дәлелдеме



Аргументтік



Әдеби



Эссе жазудың талаптары



Тақырыпты мұқият ойланып таңдаңыз.

Дәлелдерді, ақпараттарды жинаңыз.



Идеялар тізімін жазып шығыңыз.

Реттілікті сақтай отырып жоспарлаңыз.

Кіріспе бөлімін жазыңыз, тезис ойлап табыңыз.

Негізгі бөлімді бірнеше абзацқа бөліңіз.



Абзацтарды байланыстырушы сөз тіркестері мен сөйлемдерді дұрыс қолданыңыз.

Қорытынды бөлімін жазыңыз.

Тақырыптан ауытқымаңыз



Жазғаныңызды оқыңыз, қателеріңізді түзетіңіз.



Эссенің құрылымдық бөлімдері



Кіріспе және қорытындыда ой негізгі мәселеге шоғырланғаны жөн (кіріспеде ол мәселе ретінде қойылса, қорытындыда түйінделеді).

Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі сыртқы жиынтық бағалау

1-компонент. Оқылым мен мәтінді талдау. Құрылымы:

1. 1 –тапсырма 2 бөлімнен тұрады:

а) үзіндінің тілі мен стилін, ұқасатығы мен айырмашылығын салыстыру;

ә) белгілі-бір аудиторияға арналған нақты мақсаты бар мәтін жазу;

2-тапсырма - ауызекі сөйлеу тіліндегі мәтінге талдау жүргізу.

2-компонент. Жазылым. Құрылымы: 2 бөлімнен тұрады.

А бөлімі бойынша (шығармашылық жазба жұмысы) – 3 сұрақ

Ә бөлімі бойынша (белгілі бір аудиторияға бағытталған жазба жұмысы) - 3 сұрақ.

Әр бөлімнен бір сұрақтан таңдап, жалпы 2 сұраққа 450-600 сөзден тұратын эссе жазу.



Тексерілетін дағдылар

1-компонент:

- ✓ мәтіндердің ерекше айырмашылықтарын анықтау қабілеттерін;
- ✓ ақпараттарды дұрыс ұйымдастыру мен жазылымның қызметін байланыстыра алуын;
- ✓ сөздік қоры секілді аспектілерге түсінік беруін;
- ✓ нақышты сөздерді қолдануын (мысалы, метафора мен теңеуді қолдану);
- ✓ сөздердің реті мен сөйлем құрылымын;
- ✓ коммуникациялық қарым-қатынасын, тысқары пікір мен алдын ала болжай алуын бағалайды.

✓ 2-компонент

- ✓ шығарма жазу қабілеттері мен лексикалық қорлары;
- ✓ тілдің көмегімен мұқият жоспарланған әрекетті құра алу;
- ✓ көңіл-күйлерін әсерлі жеткізе алу;
- ✓ оқиғаны бейнелі баяндай алу;
- ✓ белгілі бір стильді нақты мақсатпен жаза алу;
- ✓ өз ойларын анық жеткізе алу;
- ✓ аргументтер келтіре алу;
- ✓ жүйелі және сенімді жаза алу қабілеттері бағаланады.

Шығармашылық эссенің ерекшеліктері


- ✓ Логикалық жүйелі ой
- ✓ Елестете алу қабілеті
- ✓ Сипаттап жеткізе алуы
- ✓ Әсерлі баяндай алуы
- ✓ Қуаныш, қорқыныш, таңқалу, т.б. сезімдерін жеткізе алуы
- ✓ Аудиторияны баурап алатын айшықты тіл
- ✓ Шығармашыл ұшқыр қиял



«Жаратылыстың құшағында, меруерт себілген көк шатырдың астында, хош иісті жасыл кілем үстінде, күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеріп, желмен бірге жүгіріп, алдындағы малымен бірге өріп, сары сайран далада тұрып өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, өткір, терең болуға тиісті». «...Баланың атаға тартуы рас болса, сиқырлы даланың баласы – қазақ баласы қиялқұмар болуға тисті».


М. Жұмабаев.

Педагог ғалым М. Жұмабаевтың сөзімен айтқанда, «қазақ баласының жаратылысы соны тілейді» және шығармашылыққа бейім болады.



Аргументативті эссе

- ✓ Аргумент дегеніміз – логикалық негіздемелер, мысалдар мен зерттеулердің көмегі арқылы дәлелденген белгілі бір шешім.
- ✓ Аргументативті эссе – даулы тақырыпқа жазылған әдеби шығарма. Басқаша айтқанда, «қосыламын» және «қарсымын» деген сияқты дау тудырушы кейбір тезистерді қорғайды.



Аргументативті эссенің мақсаты -

аудиторияны белгілі бір көзқарасқа сендіру және оларды өз жағына көндіру. Басқа емес, тек сол ұстанымның неліктен тиімді екенін айқын тұжырымдау

Аргументативті эссенің құрылымдық бөлімдері



КІРІСПЕ:

Тақырыпты тұжырымдау;
Тақырыптың өзектілігі;
Біршама пікір алшақтық;
Тақырып құрылымын қарастыру және негізгі ойға көшу.




НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Автордың алға қойған (2-3) шешімі (дәлелдері).
Шешімдерді талқылау кезінде пайдаланылатын негізгі ұғымдарды анықтау.
Шешімдерді растайтын дәлелдемелер және қолдау (фактілер немесе мысалдар).
Қарсы дәлелдерді немесе қайшылықты шешімдерді қарастыру (неліктен әлсіз екенін көрсету қажет, ал автордың мақұлдауы күшінде қалады).



ҚОРЫТЫНДЫ:

Негізгі шешімді қайталау.
Негізгі шешімді қорғайтын екі-үш ұсыныс сөйлем, түйінді аргументтер.
Ұсынылған шешімдерді қабылдамаған жағдайдағы келетін зияндар туралы жалпы ескертулер және аталған тұжырымның пайдалы жақтары туралы жалпы қорытынды сөз.



Балл қою кестелері

Шығармашылық жазылымға арналған балл қою кестесі

Дискурсивті/Аргументативті жазылымға арналған балл қою кестесі

Диапазон	Балл	Сипаттама
5	21-25	Тапсырмаға деген шығармашылық ұстанымы бар, аудиторияны жандандырады, өз пікірін өте сенімді білдіреді; Құрылымы сәйкес және қатаң сақталған; Оқырманға әсер ету мақсатында көркем тіл құралдарын қолданған; Еркін, аяқталған ой-пікірлері күрделі нәтижелерді дәлме-дәл, биік деңгейде көрсете алады.
4	16-20	Аудиторияның қызығушылығын туындату үшін қажетті түрлері мен мазмұнын сәйкестендіре отырып, жүйелі түрде өз пікірін нақты білдіреді; Құрылымы сәйкес және әсерлі; Оқырманға әсер ету мақсатында қолданылған құралдарының үйлесімділігі, суреттеу мен баяндау жазбалары қажетті деңгейде; Сөз сөйлеу мәнері әсерлі, жіберілген кейбір техникалық қателер түсінуді қиындатпайды.
3	11-15	Қажетті ұстанымы, сәйкестендірілген құрылымы мен шығармашылық қабілеті анық, аудиторияны сезеді, өз ойын жобалап жеткізеді; Қолданылған құрылымы дұрыс, бірақ кейбір жағдайда жүйеленбеген, құрылымнан ауытқу кездеседі немесе біртекті құрылымдар бар; Тіл қолдануға деген талпынысы, суреттеу мен баяндау жазбалары қажетті деңгейде; Нақты, бірақ біртекті сөз құрылымдарын қолдану немесе техникалық қателер (шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) қажетті әсер алуды төмендетеді.
2	6-10	Қажетті ұстаным мен мазмұн, аудиторияны сезу қабілеті байқалады; Құрылымы анық емес, нақты суреттеу мен қарама-қайшылықтарды баяндау қабілеті жоқ, өз ойын шамалап жеткізеді; Тіл құралдарын қолдану әрекеті бар, суреттеу жазбалары қанағаттандырарлық күйде; Сөз саптауы нақты болғанымен, жүйесіздік байқалады, жиі техникалық қателер (шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) жібереді.
1	1-5	Мағына мен мәселеге тоқталғанмен, көздеген мақсатқа сай емес, қалыбы нақтыланбаған, мысалы, суреттеу сұрағына баяндау арқылы жауап береді, өз ойын білдіруде шектеуліктер байқалады; Құрылым жеткіліксіз, ұйымдастырылмаған, ауытқулар байқалады; Тек кейбір жағдайда ғана тілдің жиі қолданылатын әдістері баяндау мен суреттеу жазбаларына сәйкес; Шақтарды қолданылуы анық емес, техникалық және құрылымдық қателер (шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы),

Диапазон	Балл	Сипаттамасы
5	21-25	Тапсырманы орындаудағы қызықты да әсерлі, қажетті түр мен өзіндік құралдарды бірегей қолданады, аудиторияны жандандырады және пікірін сенімді де нақты білдіреді; Қатаң ұстанымы мен сәйкестендірілген құрылымы мәселені логикалық күйде дамытады; Оқырманға әсер ету, нақтылау, түсіндіру мақсатында қолданылған көркем тіл құралдарының аясы өте кең; Еркін, аяқталған ой пікірлері күрделі нәтижелерді дәлме-дәл, биік деңгейде талқылай алатынын көрсетеді.
4	16-20	Тапсырмаға жақсы дайындалған, қажетті қалыпта қызығушылықты туындатады, өз пікірін нақты білдіреді; Құрылымы әсерлі және сәйкес, мәселе мен деректерді талдауы нақты; Оқырманға әсер ету, нақтылау, түсіндіру мақсатында қолданылған құралдары үйлесімді; Сөз сөйлеу мәнері әсерлі, қиын деректер келтірілген, техникалық қателер түсінуді қиындатпайды.
3	11-15	Қажетті ұстанымы, сәйкестендірілген құрылымы мен шығармашылық қабілеті анық, аудиторияны сезеді, өз ойын жобалап жеткізеді; Қолданылған құрылымы дұрыс, бірақ жүйеленбеген құрылым, құрылымнан ауытқу кездеседі немесе біртекті құрылымдар бар; Әсер ету, нақтылау, түсіндіру мақсатында қолданылған тіл құралдары кей жағдайларда жеткіліксіз деңгейде; Нақты, бірақ біртекті сөз құрылымдарын қолдану немесе техникалық қателер (шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) қажетті әсер алуды төмендетеді.
2	6-10	Қажетті ұстанымы мен мазмұны, аудиторияны сезу қабілеті байқалады, өз пікірін сирек білдіреді; Құрылымы анық емес, нақты деректер мен дамыту қабілеті жеткіліксіз; Тіл құралдарын қолдану әрекеті бар, суреттеу, деректендіру мен әсер ету қанағаттандырарлық күйде; Сөз саптауы нақты болғанымен, жүйесіздік байқалады, жиі техникалық қателер (шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) кездеседі.
1	1-5	Жұмыс қажетті деңгейде, мағыналы болғанымен, көздеген мақсатқа сай емес, мәселені түсінгенімен өз ойын нақты жеткізе алмайды; Құрылымы жеткіліксіз, дұрыс ұйымдастырылмаған, тақырыптан ауытқулықтар байқалады; Суреттеу, деректендіру мен әсер ету мақсатында тілдің құралдары кей жерлерде ғана қолданылған; Баяндауы түсініксіз, техникалық және құрылымдық қателер (шақтарды қолданылуы анық емес, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) мағынаны толық түсінуге қиындық келтіреді.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАҚМЕТ!

